



«БЕКІТЕМІН»

Колледж директоры

Ж.А.Калмакова

04 20 26 ж.

**ЦИКЛДІК ӘДІСТЕМЕЛІК КОМИССИЯ ЖЕТЕКШІСІНІҢ
ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ**

Қызылорда-2026ж

1. Жалпы ереже

1. Циклдік әдістемелік комиссия жетекшісі өз жұмысында ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы» Заңын, ҚР «Денсаулық Кодексін», қолданыстағы Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын, басқа да құқықтық және нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

2. Циклдік әдістемелік комиссия жетекшісі колледж директорының бұйрығымен тағайындалып, босатылады.

3. Циклдік әдістемелік комиссия жетекшісі циклдік әдістемелік комиссия жұмысын тікелей басқарады, сондай-ақ, циклдік әдістемелік комиссиясының жұмысын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Пән оқытушылары, кабинет меңгерушілері, зертханашылар оның басшылығымен жұмыс атқарады.

4. Циклдік әдістемелік комиссия жетекшісі директордың оқу-әдістемелік істер жөніндегі орынбасары немесе әдістемелік бөлім меңгерушісінің басшылығымен жұмыс атқарады.

1. Біліктілікке қойылатын талаптар

Циклдік әдістемелік комиссия жетекшісінің жоғары медициналық немесе жоғары педагогикалық білімі болуы және педагогикалық немесе практикалық медицинадағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы тиіс.

2. Қызметтік міндеттері.

2.1. Циклдік әдістемелік комиссия жетекшісі комиссиядағы оқу-әдістемелік жұмыстарға басшылық жасайды және оның сапасына жауап береді.

2.2. Оқу жылына арналған циклдік әдістемелік комиссияның жұмыс жоспарын әзірлейді және орындалуын ұйымдастырып, қамтамасыз етеді.

2.3. Циклдік әдістемелік комиссия құрамындағы пәндердің оқу-әдістемелік құжаттарының уақытылы және сапалы жасалуына бақылау жүргізеді.

2.4. Циклдік әдістемелік комиссия құрамындағы пән оқытушыларының оқу жылына арналған идеялық-теориялық, педагогикалық шеберлігін арттыру жөніндегі жеке жоспарларының орындалуын қадағалайды.

2.5. Циклдік әдістемелік комиссия құрамындағы пәндер бойынша білім алушылардың білімін ағымдық, аралық, қорытынды бақылау материалдарының уақытылы құрастырылуы мен қаралуын ұйымдастырып, қамтамасыз етеді.

2.6. Оқу-тәрбие, әдістемелік жұмыстар бойынша жаңа материалдармен циклдік әдістемелік комиссия мүшелерін уақытылы, жүйелі түрде таныстырып, олардың қолданылуын қамтамасыз етеді.

2.7. Білім алушылардың танымын белсендіруге бағытталған оқытудың жаңа тәсілдері мен түрлерін енгізуді ұйымдастырады.

2.8. Циклдік әдістемелік комиссия құрамындағы оқытушылардың сабағына оқыту сапасын бақылау және әдістемелік көмек беру мақсатында қатысады.

2.9. Оқытушылардың, кабинет және зертхана меңгерушілерінің озық тәжірибелерін талдап, жинақтап, тарату жұмыстарын жүргізеді.

2.10. Циклдік әдістемелік комиссия құрамындағы оқытушылардың ашық сабақтарын дайындауға, олардың жүргізілу сапасын талдауға қатысады.

2.11. Кабинет жұмыстарының жүргізілуін бақылайды.

2.12. Білім алушылардың тәжірибелік дайындығын жетілдіруге жүйелі жұмыс жүргізеді.

2.13. Оқытушылардың өзара сабаққа қатысу кестелерінің орындалуын, ашық сабақтардың өткізілуін ұйымдастырады және бақылауға алады.

2.14. Циклдік әдістемелік комиссия бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік жұмыстары, білім алушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығы, кабинеттер мен зертханашылардың жабдыкталуына байланысты мәселелер жөнінде мәжілістер өткізеді, комиссия мәжілістерінде шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді.

2.15. Циклдік әдістемелік комиссия байқауларын дайындауға және өткізуге қатысады.

2.16. Жоспарланған міндеттер мен мақсаттарды уақытылы және сапалы орындайды, өндірістік және еңбек тәртібін қатаң сақтайды, жүйелі түрде өз білімін жетілдіреді.

2.17. Үкіметтің идеологиялық, экономикалық, сыртқы саяси, орта арнаулы білім, жастарды тәрбиелеу жөніндегі Үкіметтің шешімдері мен қаулыларын, денсаулық сақтау және медицина ғылымының бағыттарын; орта арнаулы білім

қызметтерін айқындайтын негізгі құжаттарды, орта арнаулы білім мекемелері туралы ережені, медицина колледжінің Жарғысын, ҚР Денсаулық Сақтау және әлеуметтік даму, ҚР Білім және ғылым министрліктерінің нұсқаулық құжаттарын; педагогикалық және психологияның өзекті мәселелерін, педагогика ғылымы мен тәжірибесінің жетістіктерін, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту әдістерін, басқару негіздерін, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік техникасын орындауға міндетті.

3. Циклдік әдістемелік комиссия құжаттары

1. ЦӘК жетекшісін тағайындау туралы бұйрық.
2. Ереже.
3. Өткен оқу жылының жұмысын талдау.
4. Әдістемелік жұмыстың тақырыбы, оның мақсаты, негізгі бағыттары және жаңа оқу жылының міндеттері. ӘБ жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары.
5. ӘБ оқытушылары туралы мәліметтер.
6. ӘБ оқытушыларының біліктілігін көтеру кестесі.
7. ӘБ оқытушыларын аттестациялаудың перспективті жоспары.
8. Ашық сабақтар мен топтан тыс шаралардың графигі.
9. Оқу бағдарламалары.
10. Пән апталықтарының жоспары.
11. ЦӘК отырыстарының хаттамалары.
12. ЦӘК оқытушыларының тағылымдамадан өту кестесі.

4. Құқықтары

- 4.1. Өзінің қызметіне қатысты Колледж басшылығы қабылдаған шешімдер жобаларымен танысуға;
- 4.2. Тиісті мамандардан өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратуға;
- 4.3. Өзінің лауазымдық құқықтарын және міндеттерін орындау процесінде байқалған кемшіліктер туралы өзінің құзіреті шегінде басшылыққа хабарлауға және оларды жою бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 4.4. Колледж басшылығынан өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында көмек көрсетуді талап етуге құқылы;

5. Жауапкершілік

5.1. Циклдік әдістемелік комиссия жетекшісі қызметтік нұсқауға және құқықтық актілерге сәйкес жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты.

5.2. Колледж тарапынан берілген құрал-жабдықтарын мақсаты бойынша пайдалануға және сақтауға жауапты.

Нұсаулықпен таныстым, бір данасын алдым және жұмыс орнымда сақтаймын.

 (қолы)	<u>Махамбетова Ә.Н.</u> (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	<u>Дубасенова А.И.</u> (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	<u>Аманова Д.О.</u> (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	<u>Кирабаева А.С.</u> (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	<u>Жошанова А.Т.</u> (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	<u>Мұсабаева М.Б.</u> (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	<u>Мұндағалиев С.С.</u> (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	<u>Банданова А.О.</u> (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	<u>Найманбаева А.Т.</u> (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	<u>Меттегіс Н.Б.</u> (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	<u>Ахметов С.К.</u> (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	 (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	 (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	 (Аты, жөні, тегі)
 (қолы)	 (Аты, жөні, тегі)